

"Қарқаралы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қарқаралы ауданының үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы № 462 қаулысы.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 19-бабының 9) тармақшасына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 18-бабына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы №230 бұйрығымен бекітілген "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметтің қағидаларының" 2-1-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қарқаралы ауданының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қарқаралы ауданының үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлімше) құрылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 16.02.2026 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Бөлімшесінің уәкілетті органы "Қарқаралы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып белгіленсін.

3. Қарқаралы ауданының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне:

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Бөлімшенің Жарғысын бекіту;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлімшені әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдау тапсырылсын.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 16.02.2026 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Осы қаулының орындалуын Қарқаралы ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарқаралы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Қарқаралы ауданының үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Қарқаралы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Қарқаралы ауданының үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлімшесі) Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының аумағында Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде көзделген арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж деп танылған тұлғаларға үйде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі функцияларды жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Бөлімшесі _____ жылғы "___" _____ № _____ Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімдігінің қаулысымен құрылды.

3. Бөлімшесінің құрылтайшысы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігі болып табылады.

4. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ Бөлімшесіне байланысты Бөлімшесінің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган "Қарқаралы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып табылады.

5. Бөлімшесінің толық атауы :

мемлекеттік тілде: "Қарқаралы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі";

орыс тілінде: "Коммунальное государственное учреждение "Отделение социальной помощи на дому" отдела занятости и социальных программ Каркаралинского района".

6. Бөлімшесінің тұрған жері: 100800, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қаласы, Әубәкіров көшесі 14.

2. Бөлімшесінің заңдық мәртебесі

7. Бөлімшесінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Бөлімшесінің атауы жазылған мөрі болады.

8. Бөлімшесінің басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

9. Бөлімшесі өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Бөлімшесі ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

10. Бөлімшесінің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3. Бөлімшесінің қызметінің мәні мен қызметтері

11. Бөлімшесінің қызметінің мәні балалар мен мүгедектігі бар адамдарға, зейнеткерлік жасқа толған, өзін-өзі күтуге қабілетсіз және денсаулық жағдайына байланысты үй жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуді қажет ететін қарт адамдарға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету болып табылады.

12. Бөлімшесі қызметінің мақсаты "Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығына (бұдан әрі - Стандарт) сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуге жәрдемдеседі.

13. Бөлімшесі мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) қызмет алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жеке даму, әлеуметтену және интеграциялану деңгейін арттыруға бағдарланған арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету;

2) үйде қызмет көрсетуге мұқтаж қызмет алушыларды анықтау және есепке алу;

3) қызмет алушылар мен оның отбасы мүшелерін әлеуметтік қызмет көрсетудің көлемі мен түрлері туралы хабардар ету;

4) арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуге қажеттілікті бағалау және айқындау;

5) көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің сапасы мен тиімділігін арттыру;

6) қалыпты әлеуметтік ортада қолайлы моральдық-психологиялық жағдай жасауға жәрдемдесу;

7) Стандартқа сәйкес сауықтыру және әлеуметтік-оңалту іс-шараларын жүргізуге бағытталған қажетті арнаулы әлеуметтік қызметтер кешенін ұсыну арқылы қызметтерді алушыларға жан-жақты көмек көрсету;

8) Стандартқа сәйкес үйде қызметтер көрсету жағдайындағы ұйымдармен балалар, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар, он сегіз жастан асқан адамдар үшін сабақтар өткізу ұзақтығын қамтамасыз ету;

9) арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысты жүргізу;

10) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге байланысты мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі өзге де шараларды жүзеге асыру.

14. Бөлімшесіне осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

15. Бөлімшесі Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен нақты шектелген не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле: тиісті саланың уәкілетті органның, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органның, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының, прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Бөлімшесіні басқару

16. Бөлімшесіні жалпы басқаруды "Қарқаралы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

17. "Қарқаралы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Бөлімшесінің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) Бөлімшесі үлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) Бөлімшесінің құрылымын, құрылуы тәртібі мен шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 4) Бөлімшесі басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 5) Бөлімшесінің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 6) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;
- 7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісімін береді;
- 8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша Бөлімшені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;
- 9) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

18. Бөлімшесінің басшысын "Қарқаралы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. Бөлімшесінің басшысы Бөлімшесінің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, "Қарқаралы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне тікелей бағынады және Бөлімшесіне жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

20. Бөлімшесінің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және Бөлімшесі қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

21. Бөлімшесі басшысының Бөлімшесімен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

22. Бөлімшесі қызметінің жүзеге асыруы барысы Бөлімшесінің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Бөлімшесінің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда Бөлімшесінің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) Бөлімшесінің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) Бөлімшесінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) Бөлімшесінің қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;
- 10) Бөлімшесінің қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;
- 11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Бөлімшесінің мүлкінің құрылу тәртібі

23. Бөлімшесінің мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Бөлімшесінің мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржық өздері себінен құрылады.

24. Бөлімшесі дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

25. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен Бөлімшесіне кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан

Республикасының Заңының 161-бабының 2-тармағында көзделген салаларында мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

26. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, Бөлімшесінің қызметі Қарағанды облысы Осакаров ауданының бюджетінен қаржыландырады.

27. Бөлімшесінің бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

28. Бөлімшесінің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

6 - тарау. Бөлімшесінің жұмыс тәртібі

29. Бөлімшесінің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7 - тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

30. Бөлімшесінің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қарқаралы ауданының әкімі аппараты шешімі бойынша жүзеге асырылады және " Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңға сәйкес әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімімен өтеді.

8 - тарау. Бөлімшесіні қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

31. Бөлімшесіні қайта ұйымдастыру және тарату Қарқаралы ауданының әкімдігі жүзеге асырады.

32. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік мекемені мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органы қайта бөледі.

33. Таратылған Бөлімшесінің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.